


**aceline**

Пайдалану  
бойынша нұсқаулық

# All-in-One Aceline LP-V100

## аудио жүйесі



## **Құрметті сатып алушы!**

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және дайындалған бұйымдарды және құрылғыларды ұсынуда қуаныштымыз. Пайдаланбас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ аспапты дұрыс пайдалану және оған күтім жасау туралы ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны бұйымды одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

# Мазмұны

Құрылғының мақсаты.....	5
Сақтық шаралары .....	5
Басқару панелінің сызбасы.....	6
Артқы панель сызбасы.....	7
Қашықтан басқару пульті .....	7
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық .....	8
Сыртқы тасығыштардан ойнату.....	8
Bluetooth режимі .....	8
Радио режимі .....	8
Жоғары және төмен жиіліктерді баптау .....	8
Жарықтандыруды басқару .....	9
Қайталау режимін басқару .....	9
Акумуляторды зарядтау.....	9
ҚБ пультііндегі батареяларды ауыстыру .....	9
Мүмкін проблемалар және оларды шешу .....	9
Техникалық сипаттамалары .....	10
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары.....	11
Қосымша ақпарат .....	12


## Құрылғының мақсаты

Аудио жүйесі музыканы ойнатуға және ойындарды, фильмдерді және басқаларды дыбыстауға арналған. Оны ДК, ноутбукке, MP3 немесе CD-плеерге немесе басқа дыбыс көздеріне қосуға, сонымен қатар сыртқы тасығыштардың ойнатуға болады.

## Сақтық шаралары

1. Құрылғыны қоспас бұрын, онда көрсетілген кернеу жергілікті жерге электр желісінің кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
2. Электр тоғымен зақымдануды болдырмас үшін құрылғы корпусын бөлшектемеңіз және ашпаңыз. Құрылғыны өз бетінше жөндеуге тырыспаңыз, уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
3. Егер құрылғы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, құрылғыны дыбыс көзінен ажыратыңыз.
4. Құрылғыны қуат көзінен ажыратқан кезде ғана штекердің тек оқшауланған бөлігінен ұстаңыз. Құрылғыны баусымы арқылы тарпаңыз және тасымалдамаңыз. Сымды қысылудан қорғаңыз, оған бөгде заттарды қоймаңыз.
5. Құрылғыны дымқыл қолмен ұстамаңыз.
6. Құрылғыны және оның тесіктерін бөгде заттардың ішке кіруінен қорғаңыз. Инелер, түйреуіштер, тиындар және басқа да ұсақ заттардың, сондай-ақ жәндіктердің құрылғыға түсіп кетпейтін қадағалаңыз.
7. Құрылғыны судың түсуінен және кез-келген сұйықтықтан, ылғалдың әсерінен, сондай-ақ төтенше температурадан, шаң мен кірден қорғаңыз. Құрылғыны ылғалдылығы жоғары және шаңы көп үй-жайларда орнатпаңыз.
8. Құрылғыға және оған тікелей жақын жерде сұйықтықтары бар ыдыстарды (вазалар, стақандар, бөтелкелер және т.б.) қоймаңыз. Егер сұйықтық құрылғыға түсетін болса оны дереу желіден ажыратыңыз.
9. Құрылғыны қызып кетуден сақтаңыз. Оны қуатты жылу көздеріне (жылыту аспаптары және т.б.) жақын жерге орнатпаңыз, сонымен қатар күн сәулесінің тікелей түсу әсеріне жол бермеңіз.
10. Құрылғыны балалармен және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдармен пайдалануға арналмаған, оларға олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылау жүргізген жағдайдан басқа. Балаларға құрылғымен ойнауға жол бермеңіз.
11. Құрылғыны тазарту үшін құрамында бензині бар заттарды, спирттерді, еріткіштерді және т.б. пайдаланбаңыз, өйткені олар құрылғыға, сондай-ақ оның боялған бетіне зиян келтіруі мүмкін. Құрылғыны тазарту үшін тек жұмсақ, құрғақ шүберекті пайдаланыңыз.
12. Құрылғының бүлінуіне және электр тоғының соғуына жол бермеу үшін тек ақаусыз жалғауға арналған қосқыштарды пайдаланыңыз.
13. Құрылғыны тек мақсатына сай пайдаланыңыз.
14. Егер құрылғы жұмыс істемей қалса немесе дұрыс жұмыс істемесе, дереу пайдалануды тоқтатыңыз және уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.


## Басқару панелінің сызбасы



1. 0-9 композицияны таңдау.
2. Микрофонның дыбыс деңгейін басқару.
3. Желілік кіріс.
4. USB-тасығышқа арналған слот.
5. Электр гитарасының дыбыс деңгейін басқару.
6. Микрофонға арналған кіріс.
7. «Эхо» әсерін реттегіш.
8. Электр гитарасына арналған кіріс.
9. «FUNCTION» батырмасы: дыбыс көзін таңдау: Bluetooth/USB/FM-радиосы/Желілік кіріс.
10. «TONE» батырмасы: жоғары/төмен жиіліктерді реттеу.
11. «◀◀» батырмасы: алдыңғы жол.
12. «▶▶» батырмасы: ойнату/кідірту.
13. «▶▶▶» батырмасы: келесі жол.
14. «↺» батырмасы: қайталау режимі.
15. «LED» батырмасы: жарықтандыруды қосу.
16. Күту режимін қосу батырмасы.
17. Төмен жиілікті күшейту батырмасы.
18. LED-дисплей
19. «📶» батырмасы: Bluetooth қосылу.
20. Жалпы дыбыс деңгейін басқару.


## Артқы панель сызбасы

1. Қосу/Өшіру батырмасы
2. Аккумулятор зарядының индикаторы.
3. Электр желісіне қосылуға арналған слот.
4. Аккумулятор зарядын ауыстырып қосу.



## Қашықтан басқару пульті

1. Қосу/өшіру батырмасы.
2. «**MODE**» батырмасы: сигнал көзі режимдерін ауысты
3. «**MUTE**» батырмасы: дыбысты өшіру.
4. «**VOL +**» батырмасы: дыбысты үлкейту
5. «**CH-**» батырмасы: алдыңғы жол.
6. Сканирлеу.
7. Цифрлық батырмалар: композицияны таңдау.
8. «**TONE**» батырмасы: жоғары/ төмен жиілікті реттеу.
9. «**||**» батырмасы: ойнату/кідірту.
10. «**||>**» батырмасы: келесі жол.
11. «**VOL-**» батырмасы: дыбысты азайту.
12. «**RPT**» батырмасы: қайталау режимі.



## Пайдалану жөніндегі нұсқаулық


1. Құрылғыны қуат көзіне қосыңыз, қуат реттегішін «ҚОСУ» күйіне ауыстырыңыз. Құрылғы қуат көзінсіз жұмыс істеуге арналған кіріктірілген аккумулятормен жабдықталған.
2. Аудио сигнал көзін құрылғыға AUX аудио кәбілімен, Bluetooth немесе тиісті порт арқылы қосыңыз.
3. Микрофонды құрылғы панеліндегі тиісті портқа қосыңыз, микрофон көлемін, жоғары және төмен жиіліктер деңгейін, сондай-ақ құрылғы панеліндегі тиісті реттегіштерді пайдаланып эхо деңгейін реттеңіз.

## Сыртқы тасығыштардан ойнату

Аудио жүйесі аудио файлдарды USB-тасығыштан MP3 форматында оқу мүмкіндігімен жабдықталған. Дұрыс жұмыс істеу үшін көлемі 64 Гб-тан аспайтын тасығышты пайдалану ұсынылады.

Аудионы сыртқы тасығыштан ойнату үшін тасығышты тиісті аудио жүйесінің портына қосыңыз. LED экранында «USB» пайда болғанша құрылғы панелінде «FUNCTION» батырмасын басыңыз. Ойнату автоматты түрде басталады. Композициялар арасында ауыстырып қосу үшін құрылғы панелінде «◀◀» және «▶▶» батырмаларды немесе қашықтан басқару құралындағы осы батырмаларды басыңыз.

## Bluetooth режимі

1. Bluetooth режиміне өту үшін «» батырмасын немесе құрылғы панелінде «FUNCTION» батырмасын басыңыз. LED-экранда «BLUE» көрсетіледі.
2. Бастапқы құрылғыда Bluetooth қосыңыз. Қол жетімді құрылғылар тізімінен «Aceline LP-V100» таңдаңыз.
3. Бастапқы құрылғыда ойнатуды басқарыңыз.

## Радио режимі

1. Радио режиміне өту үшін экранда «FM» жазуы пайда болғанға дейін құрылғы панелінде «FUNCTION» батырмасын басыңыз. Радиостанцияларды іздеу автоматты түрде басталады және іздеу 87,5-тен 108 МГц-ке дейінгі диапазонда жүзеге асырылады.
2. Радиостанцияларды автоматты іздеу аяқталғаннан кейін құрылғы автоматты түрде анықталған бірінші радиостанцияны ойнауды бастайды. Радиостанциялар арасында ауысу үшін құрылғы панеліндегі немесе қашықтан басқару пультіндегі «◀◀» және «▶▶» батырмаларын басыңыз.

**Ескерту:** радионың дұрыс жұмыс істеуі үшін антенна ретінде әрекет ететін AUX кәбілін қосу керек.

## Жоғары және төмен жиіліктерді баптау

1. Құрылғы панеліндегі немесе қашықтан басқару пультіндегі «TONE» батырмасын басыңыз.
2. «TONE» батырмасын басу арқылы жоғары (Treble) және төмен (Bass) жиіліктер арасында ауыстырып қосыңыз. Баптау үшін «◀◀» және «▶▶» батырмаларды пайдаланыңыз.



## Жарықтандыруды басқару

Жарықтандыруды қосу/өшіру үшін құрылғы панеліндегі немесе қашықтан басқару пультіндегі «LED» батырмасын басыңыз.

## Қайталау режимін басқару

Құрылғы панелінде «↺» батырмасын немесе қашықтан басқару пультіндегі «RPT» батырмасын бір композицияны ойнатуды қайталау үшін басыңыз. Көздегі барлық әндерді қайталау үшін батырманы басыңыз.

## Аккумуляторды зарядтау

Құрылғы кіріктірілген Li-ion аккумуляторымен жабдықталған. Аккумуляторды зарядтау үшін желілік кабельді құрылғыға қосыңыз және аккумуляторды зарядтау қосқышын «ҚОСУ» күйіне ауыстырыңыз. Зарядтау индикаторы қызыл түспен жанады. Зарядтау соңында индикатор жасыл болады.

## ҚБ пультіндегі батареяларды ауыстыру

1. Батареяға арналған бөлікті ашыңыз.
2. Полярлықты сақтай отырып, екі AAA батареясын салыңыз. Батареялар жинаққа кірмейді.
3. Батареяға арналған бөлікті жабыңыз.

**Назар аударыңыз:** егер ҚБ пультін ұзақ уақыт пайдаланғыңыз келмесе, батареяларды алыңыз. Ескі және жаңа батареяларды, сондай-ақ әртүрлі типтегі батареяларды пайдаланбаңыз.

## Мүмкін проблемалар және оларды шешу

Проблема	Шешім
Құрылғы қосылмайды.	Құрылғының қуат көзіне қосылуын тексеріңіз.
Дыбыс жоқ немесе тым тыныш дыбыс.	Осы құрылғыдағы дыбыс деңгейін басқару және сигнал көзі қандай күйде екенін тексеріңіз. Қажет болса, дыбыс деңгейін арттырыңыз.
	Сигнал көзін ойнатқышқа қосудың дұрыстығын тексеріңіз.
Дыбыстың бұрмалануы.	Мұның себебі үлкен кіріс амплитудасы болуы мүмкін. Дыбыс деңгейін сигнал көзінде оңтайлы деңгейге дейін тікелей баптаңыз.

## Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: LP-V100.
- Сауда белгісі: Aceline.
- Желіден қуат көзі: 220-240 В, 50 Гц.
- Кірістірілген Li-ion аккумуляторы 11,1 В, 4000 мА·сағ.
- LED-дисплей.
- Жарық музыка.
- Максималды шығыс қуаты (RMS): 80 Вт.
- Жиілік диапазоны: 20 Гц — 20 кГц.
- Төмен жиілікті динамик: 6,5'' — 1 дана.
- ТЖ-динамигінің кедергі: 4 Ом.
- Жоғары жиілікті динамик: 3'' — 2 дана.
- ЖЖ-динамигінің кедергі: 8 Ом.
- Сигнал/шу қатынасы: 70 дБ.
- Жалпы бұрмалану деңгейі: ≤ 10 %.
- Қолдау Bluetooth, USB, FM-радиосы, AUX.
- Bluetooth нұсқасы: 5.0.
- Bluetooth-сигналының әрекет ету ауқымы: 10 м дейін.
- Радиожілік диапазоны: 87,5-108 МГц.
- Желілік аудио кіріс: 3,5 мм.
- Гитара кірісі: 6,3 мм Jack.
- Микрофон кірісі: 6,3 мм Jack.
- Жоғары және төмен жиіліктерді реттеу, «эхо» әсері.
- Жиынтықтама: құжаттама, қашықтан басқару құралы, Jack 3.5 mm аудио кабелі - Jack 3.5 mm, желілік кабель.
- Өлшемдері: 245\*495\*275 мм.

## Bluetooth

- Сымсыз байланыс стандарты: IEEE 802.15.1.
- Жиілік диапазоны: 2400-2483.5 МГц.
- Таратқыштың қуаты: 10 дБм.

## **Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары**

- Құрылғы ешқандай монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын бөлмелерінде ауа температурасы 5 °C-тан 40 °C-қа дейін болған кезде және 80%-дан аспайтын ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде қаптамада жүргізілуі тиіс. Бөлмелерде коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы керек.
- Құрылғы мұқият өңдеуді қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электр және электрондық жабдықтарды тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіледі. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды қорғауға және қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтіруді алдын алуға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығару жөніндегі кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда құрылғыны пайдалануды тоқтатып, уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жарату ережелеріне сәйкес жойыңыз.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Гуанчжоу Цзе Ли Электрон Ко., Лтд.  
401, 301, 201, 101 каб., А ғим., Кэцзяюаньсин № 3 тас жолы, Синькэ, Цзяхэ көш,  
Байюнь ауд., Гуанчжоу қ., Гуандун пров., Қытай.  
Қытайда жасалған.

**Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Республике Казахстан:**  
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Астана, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Республика Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 ғ-т, Қазақстан Республикасы.

Тауар Кеден одағының келесі техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Ерекшеліктер, өнім туралы ақпарат, оның жиынтықтамасы мен функционалдығы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.  
Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. v.1

# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану шарты кезінде кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Мекенжай бойынша қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі:  
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

**Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеумен байланысты болмаса, тауардың жиынтықтығына кіретін, төменде санамаланған керек-жарақтарға қолданылмайды:**

- ҚБП үшін қуат көзі элементтері (Қашықтан басқару пульті).
- Жалғағыш кәбілдер, антенналар және оларға арналған жалғастырғыш тетіктер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жиынтықта жеткізілетін әртүрлі типтегі ақпарат тасымалдағыштар, бағдарламалық қамтамасыз ету (БҚ) және драйверлер (бұйымның қатты магниттік дискілеріндегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БҚ-ны қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптамалар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждау құрылғылары, құралдар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.



## **Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерді көтермейді:**

- Кепілдік мерзімі аяқталды.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей мақсатына сәйкес келмейтін өзге де мақсаттарда пайдаланылса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы басшылығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, бұйымды қосу, сақтау және тасымалдау ережелерін сақтамау салдарынан бұйым иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де зиян үшін жауапты болмайды (сондай-ақ бұйымның өзіне де, онымен түйіскен бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсерінен пайда болған қысқа тұйықталулар).
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: бұйымды пайдалану кезінде алынған жарықшақтар, жарықтар, деформациялар, соққылар, майысулар, баспалар іздері және т.б.
- Мұндай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті емес тұлғалардың рұқсатыз жөндеу, үшінші тараптың модификациясының іздері бар. Егер ақау бұйымның құрылымы немесе сызбасының өзгеруіне, Өндіруші көздемеген сыртқы құрылғылардың қосылуына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалануға байланысты болса.
- Егер өнімнің ақауы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи элементтер, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса. Бұйымның ішіне бөгде заттардың, бөтен денелердің, заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың түсуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына әкелетін жоғары температурадан туындайтын ақау.
- Бұйымды сәйкестендіру (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық қамтамасыз етудің әсерінен; жеткізушінің БҚ осы қызметті ұсынуының болмауына байланысты бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан құпия сөздерді (кодтарды) орнату, ауыстыру немесе жоюмен байланысты туындаса.
- Егер жұмыстың ақаулары қорек беруші, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттерге сәйкес келмеуінен, оның ішінде рельеф ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымның желі әрекет ететін шекарада немесе аймақтан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.
- Егер зақымданулар стандартты емес (түпнұсқалық емес) және/немесе сапасыз (зақымдалған) шығыс материалдарын, керек - жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат көзі элементтерін, әртүрлі үлгідегі ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD дискілерді, жады карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаса.
- Егер кемшіліктер үйлесімді емес контентті алуға, орнатуға және пайдалануға байланысты болса (әуендер, графика, бейнелер және басқа файлдар, Java қосымшалары және осыған ұқсас бағдарламалар).
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залал үшін.





**aceline**